

# «Отарқадағы» ұмыттылмас жылдар



Семей университетін бітірген кезім еді. Көшеден бізден бірер курс жоғары оқыған таныс жігітті кездестірдім. Ол біздің филология факультетін бітірген соң, кафедраға оқытушылық қызметке қалдырылып, соңғы курста бізге біраз сабақ берген талантты жас, сол бойы ғылым жолына түсіп, кейін әдебиет саласына бірқатар өзіндік үлес қосқан ғалым Серік Елікбаев болатын. Ол өзінің Екібастұз қаласында қызметін жалғастырып жатқанын айтып, «сенің қолың – шығармашылық, Екібастұз – шығармашылықтың, жастардың қаласы, онда «Отарқа» деген газет бар, сонда түс, бірге жүр», - деп қолқа салды.

Тамыры шиырланып тереңге кеткен Арқа елі, Арқа жері туралы талай әпсана-аңызға қанық едік. Енді сол қасиеті тылсым сөзге «шұрайлы, шүйгін» мағынасын беретін «от» эпитеті әскере жараса кетіп, бір ғаламат әсерлі көркемдікті құрай қалғаны таңдай қақтырып, санамда бір сәулені жарқ еткізіп жақты, қуантты һәм қызығушылығымды оятқаны анық.

ақылын айтты, кәсіби шеберлікке қол жеткізуде бағыт-бағдар берді, кісілермен қарым-қатынас жасау, телефонмен сөйлесу мәдениетіне де баулыған - Жассерік ағам.

Газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Сая Молдайыпқызы да өз ісін жақсы білетін, газеттің мазмұнды шығуына, таралымның өсуіне, «Отарқаның» ел ықыласына бөленуіне өзіндік үлесін молынан қосқан белді, білікті маман еді. Қазірдің өзінде қаламы қарымды, белгілі журналистердің бірі екенінен хабарым бар.

1997-98 жылдары біз мақаланы машинкамен басатын тілшілердің соңы болдық. Осы жылдары Аманкелді ағам «Отарқа» тілшілерін толық бір-бір компьютерге отырғызды. Пернетақтадағы әріптерді бір саусақпен шабандау басып отыратын Жассерік ағамның бейнесі кей сәт көз алдыма келсе, әлі жымыяп қоямын. Компьютерде теру мен бағдарлама жасаудың маманы – операторларымыз Мариям апай мен Шынар Қаңтарбаева. Ұжымда көңіліміз туыстай жарасып, өзара жақсы араластық. Сондағы әріптестерімді әлі де ыстық ықыласпен жиі есіме аламын.

Ұжымымызда бәріміз қадірлейтін бір абзал жан бар еді – бухгалтеріміз Александра Николаевна Қалмыкова. Мені алғаш көргенде, редактордан бетер сынап зерттеп, ұзақ қарағаны бар. 50 жастың ар жақ, бер жағындағы толықтау келген, келбетті жан еді. Көгілдір көз жанарының тұнықтығы өзіне тартып тұратын, ол кісінің жүзіне қарап сөйлескен бір ғанибет болушы еді. Александра Николаевна сол жолы маған жайдан-жай қарамапты, бірінші келген бейтаныс жерде бірден жұмысқа алынып, жолым болғаны былай тұрсын, сол жолы үйіне шай ішуге ертіп әкеткен ол кісі төрт бөлмелі кең пәтерінің бір бөлмесінде «тұра берерсің» деп ұсыныс жасады. Сөйтіп, «пәтер мәселем» де ұзамай, тез шешілген болатын.

Екібастұздың қойын-қонышы құпия сырға, керемет естеліктерге толы киелі мекен екеніне күн өткен сайын көзім жете түсті. Ұжымымызбен киелі Баянавил жеріне жиі сапар шегетін едік.

Ойлануға, оң мен терісті таразылап жатуға жастық жалын, алға жетелеген асқақ арман мен өмірге деген арынды құлшыныс мұрша бермегені шығар, Серік ағам мен ол кісінің асыл жары Бақыткүл жеңгеме ілесіп, Екібастұзға тартып кетіппін. Семейдің қасиетті топырағынан табан үзіп тұрғаным сол еді. Бұдан бұрын туған жерден бір қарыс алыстамаппын. Алайда, Екібастұз мені еш жатсынбай, жылы қабақ танытып, бірден баурады. «Отарқаның» табалдырығынан аттап, алғашқы редакторым Аманкелді Қаңтарбаев ағамның алдында отырғаным, аспан түстес тұздай, өткір көздерін қадап, біраз сынай қарап отырғаны есімде. Алғашқы редакторым – қаламымды ұштап, сөз киесін толық түсінуді, әр сөзді орнымен, мағынаға тереңдей қолдануды, лаконизм шартын бұзбауды үйреткен, бойымдағы лықсып төгілген жазушылық қуатты белгілі бір арнаға түсіріп берген «әл-Фарабиім». Бүгінде толысып, кемеліне келген сол бір арнадан әлі ауытқымай келемін. Тілшілік қызметтен әлдеқашан қол үзіп кетсем де, әдебиетке сол күйі адалмын.

Екібастұзда қазақ тілінде жарық көретін қоғамдық-көпшілік «Отарқа» газетінің пайда болуына тікелей сеп болған осы Аманкелді ағам екенін кейіннен білдім. Ол кісі орыс тілі басым болған ортада қайтпас қайсар, адуын мінезімен қазақ тілді газеттің мәртебесі биік болып, табанасты қалмауын өмірлік мақсат тұтқан қайраткер жан болды.

Ол кезде редактордың орынбасары қызметінде Жассерік Сәдуақасов болатын. Үнемі күлімсіреп жүретін, біртоға, асыл мінезді жан еді. Әркез көмек қолын созуға дайын тұратын, футбол десе жанын беретін, өте білімді, интеллектуал жігіт-тұғын. Бас кезінде маған интеллектуалды бір-екі сұрақ қойып, алған жауабына қанағаттанған соң, ағалы-қарындасты өзара сыйластығымыз тез жарасты, жас маман ретінде маған үнемі жанашырлық танытатын. Көп

киелі Баянауыл жеріне жиі сапар шегетін едік, аруақты бабалардың басына зиярат етіп, күміс көлдерге бетімізді сан жудық. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 150 жылдық тойында болдық, Ескелдінің топырағын басып, қасиетті бұлақтан су іштік. Екібастұз жерінің шежіре қарттары арғы-бергі тарихты, ашаршылық жылдарын жырқып айтса, қатты әсерленген күйі көркем очерктер мен эсселерді көп жазғаным, онымды оқып, редакторымыз «сен үлкен жазушы боласың», -деп мейірленетіні есімде. Сол сияқты, бұл өте жаңашыл қала еді. Тәуелсіздік алған жылдардың басында, бизнес пен кәсіпкерлік қарқынды дамыған алғашқы қалалардың бірі болды. «Голос Экибастуза» газетіндегі әріптестерімізбен қашан да тығыз қарым-қатынаста болып, өзара жақсы сыйластық. Соның ішінде, сол кездердегі газеттің редакторы Ардақ Букеева, фототілші Виктор Фадеев досымды ерекше жылы ілтипатпен еске аламын. Бүгінгі «Отарқаның» дамуына бір кісідей үлес қосып келе жатқан сыйлас құрбым Дария Ерғазина да ол кезде өз кәсібін сүйіп таңдаған, өмірге құлшынысы орасан, алдына үлкен мақсат қойған дарынды жас еді. Кейінгі жылдары Астана қаласында журналистика саласы бойынша өтіп жататын әртүрлі кәсіби конкурстарда оқ бойы озып шығып жүргенін бір-екі рет көріп қалып, қуанғаным бар. Екібастұздан шыққан белгілі мүсінші Баян Қайнышева өзінің бірегей өнерімен ұмтылмастай есімде қалыпты.

Келесі жылы «Отарқа» 25 жылдығын атап өткелі отыр екен. Құдай-ау, ойлап отырсам, 5 жылдығын дүркіретіп тойлағанымыз күні кеше емес пе! Уақыт бір орнында тұрмайды. Қазақ жерінде қазақ рухы, қазақ тілі, қазақ ділі мәңгі жасауы керек. Осынау қастерлі мақсатқа талмай қызмет етіп келе жатқан «Отарқам» мәңгі жасай берсін!

**Анар Кабдуллина,  
әдебиеттанушы, сыншы,  
Астана қаласы.**